Қалалық рельсті көліктегі қауіпсіздік қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 12 мамырдағы № 344 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 12 мамырда № 32482 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25 -бабының 30) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қалалық рельсті көліктегі қауіпсіздік қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі *М. Карабаев*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрінің
2023 жылғы 12 мамырдағы
№ 344 бұйрығымен бекітілген

Қалалық рельсті көліктегі қауіпсіздік қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қалалық рельсті көліктегі қауіпсіздік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 30) тармақшасына сәйкес әзірленді және рельсті көлікте қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібін айқындайды".

2. Қағидалар тасымалдау процесіне қатысушыларға, меншік нысанына қарамастан, қалалық рельстік көлік саласындағы қызметті жүзеге асыратын қалалық рельстік көліктің қосалқы қызметтеріне қолданылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) қалалық рельсті көлік (бұдан әрі – ҚРК) – жолаушыларды қала шекаралары мен қала маңы аймағындағы жолдар бойынша тасымалдауға арналған көлік түрі (метрополитен, трамвай, жеңіл рельсті, монорельсті көлік);

2) көлік кәсіпорны – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іс-әрекет жасайтын, жүктерді, жолаушыларды, багажды тасымалдау, көлік құралдарын сақтау, оларға техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу жөніндегі қызметпен айналысатын заңды тұлға;

3) уәкілетті мемлекеттік орган – көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, Қазақстан Республикасының көлік кешенінің қызметін үйлестіруді және реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) қозғалыс қауіпсіздігін бұзу – осы Қағидаларға сәйкес жіктелетін, тасымалдау процесін жүзеге асыру кезінде қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі белгіленген талаптардан ауытқу нәтижесінде болған ҚРК жолдарындағы оқиға.

2-тарау. ҚРК-де қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі

4. Меншік нысанына қарамастан, ҚРК саласындағы қызметті жүзеге асыратын, ҚРК көлік кәсіпорындарына өз құзыреті шегінде ұйымдастыру және техникалық шаралар кешенін көздейтін қозғалыс қауіпсіздігін және Қазақстан Республикасының ҚРК саласындағы қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтайды: :

1) ҚРК қозғалысына байланысты лауазымдарға кандидаттарды кәсіби іріктеуді қамтамасыз ету;

2) еңбек тәртібін нығайту;

3) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 86-бабына және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес монорельсті көлік машинистерін, метрополитенді, қозғалыс трамвай қызметінің жүргізушілерін және ҚРК қозғалысымен тікелей байланысты қызметкерлерді мерзімді міндетті медициналық қарап-тексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы (рейс алдындағы) және ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) міндетті медициналық қарап-тексеруді жүргізу;

4) жаңа техниканы, технологияларды және менеджмент құралдарын енгізуді ескере отырып, ҚРК қызметкерлерінің негізгі кәсіптері қызметкерлерін кәсіптік даярлау,

оқыту, біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру, сондай-ақ ҚРК -де қозғалыс қауіпсіздігін бұзу тәуекелдеріне әкеп соғатын стандартты емес жағдайларда іс-қимылдың практикалық дағдыларын пысықтау;

5) монорельсті көлік машинистерін, метрополитенге, қозғалыс қызметінің трамвай жүргізушілерін және ҚРК қозғалысына байланысты қызметкерлерді осы Қағидаларды, "Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33003 болып тіркелген) (бұдан әрі – ЖЖҚ), Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 35 бұйрығымен бекітілген Рельстік көлік құралдарын техникалық пайдалану қағидаларын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10329 болып тіркелген) (бұдан әрі – РКҚ ТПҚ), Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 25 шілдедегі № 500 бұйрығымен бекітілген Қалалық рельсті көлікті күтіп-ұстау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу қағидаларын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15585 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҚРКҰТҚКжЖҚ) білу мәніне мерзімді тексерістер жүргізу;

6) жол мен түйіспелі рельсті, жасанды құрылыстарды, жылжымалы құрамды, сигнал беру және байланыс автоматикасы құрылғыларын, дыбыстық және жарық сигнализациясын, электрмен жабдықтауды, түйіспелі-кабельдік желіні және тартқыш қосалқы станцияларды, электромеханикалық құрылғыларды, ақпараттық технологиялар жүйелерін, жабдықтарды, механизмдерді және техникалық құралдарды жөндеу және күтіп-ұстау сапасын арттыру бойынша тұрақты жұмысты жүзеге асыру;

7) дефектоскопия құралдары мен диагностика жүйелерін жарамды күйде ұстау және тиімді пайдалану;

8) анықталған кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдай отырып, құрылғылардың, қауіпсіздікті бақылау аспаптарының жай-күйі мен пайдаланылуын тексеруді бекітілген кесте бойынша жүзеге асыру;

9) жаңа құрылғыларды, қауіпсіздік аспаптары мен жүйелерін енгізу бойынша тұрақты жұмыс жүргізу;

10) қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастырудың жаңа нысандарын іздестіру және енгізу;

11) апатсыз жұмыс тәжірибесін жинақтау және тарату;

12) жүргізілетін жұмыстардың ерекшелігіне сәйкес техникалық жарамды құралмен және техникалық құралдармен қамтамасыз ету;

13) дефектоскопия құралдары мен диагностика жүйелерінің қозғалыс қауіпсіздігі шарттарына сәйкестігін тиімді пайдалана отырып, рельстердің, бағыттамалық бұрмалардың, жылжымалы құрамның айналым және тұндыру жолдарының жарамды жай-күйіне мерзімді тексерулер жүргізу;

14) жылжымалы құрамды, жолдарды, тоннельдік құрылыстарды, автоматика, сигнал беру және байланыс құрылғыларын, электрмен жабдықтауды, электромеханикалық құрылғыларды және техникалық құралдарды жөндеу және күтіп-ұстау технологиясын сақтау;

15) жоспарлы жөндеу түрлерін, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының жай-күйін орындау, еңбек және демалыс режимін сақтау.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік министрінің м.а. 17.01.2025 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. ҚРК көлік көлік кәсіпорындарына қамтамасыз етеді:

адам өмірі мен денсаулығы, жолаушылардың жол жүруі үшін қауіпсіз жағдайларды;

жылжымалы құрамды, бағыттамалық бұрмаларды, теміржолдарды және ҚРК техникалық құралдарын пайдалануды, күтіп-ұстауды, жөндеуді, сервистік қызмет көрсету кезіндегі қозғалыс қауіпсіздігін;

экологиялық қауіпсіздікті;

өрт қауіпсіздігін;

санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

6. Жолдың жоғарғы құрылымы, жолаушыларды отырғызуға және түсіруге арналған платформалар, түйіспе съездер, метрополитен станциялары, сондай-ақ поездар қозғалысына және маневрлік жұмысқа байланысты басқа да ҚРК объектілері қауіптілігі жоғары аймақтар болып табылады және ЖЖҚ және РКҚ ТПҚ сәйкес сигналдық қоршауы болады.

7. Байланыс, электр беру желілерінің және теміржолдарды кесіп өтетін немесе оларға тікелей жақын орналасқан құрылыстардың объектілерінің иелеріне олардың жұмыс істеу қауіпсіздігін және аталған құрылыстарды салу мен пайдаланудың белгіленген нормаларын сақтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ уәкілетті органдар мен ҚРК ұйымдарын қозғалыс қауіпсіздігіне қатер төндіретін авариялардың немесе авариялық жағдайлардың туындауы туралы уақтылы хабардар етеді.

8. Жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын ҚРК көлік кәсіпорындарына қауіпсіз тасымалдау жағдайларын, авариялық жағдайлар мен олардың салдарын жою үшін құралдар мен авариялық-құтқару қызметтерінің болуын қамтамасыз етеді.

Тасымалдау процесінде авариялық жағдай туындаған кезде ҚРК көлік кәсіпорындары аталған авариялық-құтқару қызметтерін оқиға орнына дереу жөнелтуге жәрдемдеседі.

9. Өрт қауіпсіздігі:

өрт қауіпсіздігі шараларының сақталуын, сондай-ақ жылжымалы құрамның тасымалдау процесіне дайындалуын бақылауды ұйымдастыру;

белгіленген өртке қарсы режимді сақтау, өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау бойынша нұсқаулықтан өтпеген адамдарды жұмысқа жібермеу;

Эвакуациялау жолдарын, өртке қарсы тосқауылдарды, жарылыстарды, кіреберістер мен жолдарды, өрт сөндіру құралдарын (гидранттарды, ішкі өрт крандарын, өрт сөндіргіштерді) күтіп-ұстауды бақылау және анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөнінде шұғыл шаралар қабылдау мақсатында аумақты, ғимараттарды, өндірістік және қызметтік үй-жайларды мерзімді қарап-тексеру жүргізу;

өрт сөндіру, өрт дабылы, құлақтандыру және байланыс қондырғыларының жұмыс істеуіне тұрақты дайындығы.

10. Қалалық рельсті көлікте қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын сақтамау салдарға байланысты қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың мынадай түрлері бойынша бөлінеді (жіктеледі):

жұмыстағы ақаудың ерекше жағдайы;

жұмыстағы ақау;

қозғалыс қауіпсіздігінің басқа да бұзушылықтары.

11. Жұмыстағы ақаудың ерекше жағдайларына ҚРК жолдарындағы жылжымалы құрамның соқтығысу, рельстен шығып кету, соның салдарынан адам қаза тапқан және (немесе) жылжымалы құрам оны мүкәммалдан шығарып тасталатын дәрежесіне дейін. зақымдалу жағдайлары жатады

12. Жұмыстағы ақау жағдайларына ҚРК жолдарындағы жылжымалы құрамның соқтығысу, рельстен шығып кету, соның салдарынан адам денсаулығына ауыр зиян келтірген және (немесе) жылжымалы құрамның күрделі жөндеу көлемінде зақымдалу жағдайлары жатады.

13. Қозғалыс қауіпсіздігінің өзге де бұзушылықтар тізбесіне осы Қағидаларда айқындалған ҚРК жолдарындағы жұмыстағы ақау және жұмыстағы ақаудың ерекше жағдайының салдары болмайтын жағдайлар жатады:

1) поезды бос емес жолға қабылдау-келіп түсетін поезды (локомотивтің кем дегенде бір бөлігімен) бағдаршамның рұқсат беретін кіру (маршруттық) сигналына немесе шақыру сигналына апару немесе поезд машинисіне басқа поезд немесе жылжымалы құрам алып жатқан жолға дайындалған маршрут кезінде станцияға баруға рұқсат беру;

2) дайын емес бағыт бойынша поезды қабылдау (жөнелту);

4) бағдаршамның тыйым салатын сигналының өтуі;

5) ҚРК жылжымалы құрамының астындағы бағыттамалық аударманы аудару;

6) станцияның негізсіз себеппен тоқтаусыз электр пойызымен өтуі:

7) поезд құрамындағы автомобиль тіркемелерін немесе вагондардың тіркеме құрылғыларын өздігінен ажырату;

8) поездардың қозғалысы немесе поездың тоқтауын талап ететін жұмыстарды жүргізу үшін кедергі орнын тоқтату сигналдарымен қоршамау;

9) тыйым салудың орнына автоматты құлыптау жүйесіндегі бағдаршамның жалған рұқсат беру көрсеткіші;

10) қозғалысты басқару кезінде қашықтықтан байланыс негізінде бағдаршамның көрсеткіші жалған рұқсат беру;

11) жылжымалы құрамның айдап өтуге немесе тұндыру жолына өздігінен кетуі;

12) кедергіге немесе тұйық тіректерге соғылу

13) осьтің, доңғалақтың осьтік мойнының, ҚРК жылжымалы құрамының доңғалақ жұбының сынуы;

14) ҚРК поезында жылжымалы құрамның автотіркегішінің немесе тіркеме құрылғыларының үзілуі;

15) ҚРК жылжымалы құрамының рельстерінің сынуы;

16) қалалық рельсті көліктің доңғалақ жұбының кептелуі;

17) жылжымалы құрамның, жабдықтың немесе құрылыстардың жақындауының габариттерін бұзу;

18) поездар қозғалысының кестесін бұзуға әкеп соққан қалалық рельсті көліктің жылжымалы құрамының бөлшектерінің немесе заттардың жолға түсуі;

19) жылжымалы құрамның, жолдың және тоннельдік құрылыстардың, байланыс рельстерінің, электрмен жабдықтау, поездар қозғалысының автоматикасы, телемеханикасы (бұдан әрі – ПҚАТ) және байланыс құрылғыларының, электромеханикалық және техникалық құралдардың ақаулығы, су басу, өрт, сондай-ақ қызмет көрсетуші персоналдың бұзушылықтары мен дұрыс емес әрекеттері салдарынан электр пойыздарының қозғалысындағы 30 минутқа және одан да көп толық үзіліс;

20) жолаушылары бар поездың қозғалысы кезінде және (немесе) станциядағы платформадан қарама-қарсы жақтан поездың жылжымалы (тірек-жылжымалы) есіктерін ашу;

21) тоннельдерде немесе жер үсті учаскелерінде түнгі жұмыстардан кейін бекітілмеген жабдықты, аспапты және жылжымалы құрамның соқтығысуы мүмкін заттарды қалдыруға жол берілмейді;

22) бірінші вагон жолаушыларының түсуіне әкеп соққан "бірінші вагонды тоқтату" ескерту сигналдық белгісінің өтуі;

23) шаруашылық поезына қосалқы поезды тағайындау және онымен ілінісу;

24) рұқсат беру көрсеткішінен тыйым салуға бағдаршамның кенеттен жабылуына себеп болған ақау (дұрыс емес әрекеттер);

25) ұзақтығы бір сағаттан асатын байланыс пен поездық радиобайланыстың диспетчерлік түрлерінің ақаулығы;

26) жылжымалы құрам, байланыс рельс жолы, электрмен жабдықтау, ПҚАТ және байланыс құрылғылары, тоннельдік құрылыстар, инженерлік-техникалық құрылғылар

жай-күйінің жұмыс қабілеттілігінің бұзылуына байланысты электр пойыздарының қозғалыс кестесін бұза отырып, ҚРК поездарының қозғалысын 5 минутқа және одан да көп уақытқа кешіктіру;

27) жол жұмыстары жүргізілетін жердің сигналдық белгілерімен қоршалмауы;

28) темір жолға құлау немесе жылжымалы құрамның бөлшектерін ҚРК жолының учаскелерінде сүйреу;

29) ҚРК жолдарында адамдардың соқтығысу жағдайлары;

30) ҚРК жолдарындағы жол-көлік оқиғасы, атап айтқанда жылжымалы құрамның көлік құралымен соқтығысуы;

31) жылжымалы құрамның, жолдың жоғарғы құрылысының тұтану жағдайлары техникалық қамтудың бұзылуының салдары болып табылды;

32) табиғи факторлардың (жолдың шайылуы мен әкелінуі) немесе осы учаске бойынша трамвайдың кідіруіне себеп болған бөгде адамдардың әрекеттері нәтижесінде болған жолдың жоғарғы құрылысының құрылғысының бұзылуы;

33) бөгде адамдардың поезды шұғыл тежеуді және оның тоқтауын қолдануды тудырған ҚРК жолына заттар салуы;

34) қозғалыс қауіпсіздігінің бұзушылықтары, жоғарыда көрсетілген тізбеге түспейтін бөгде себептердің салдары болған жағдайлар.

3-тарау. Қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуын есепке алу

14. ҚРК-де қауіпсіздікті бұзу жағдайлары есепке алынуға тиіс.

15. Жол берілген қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуы ҚРК көлік кәсіпорындарына есепке алынады.

16. ҚРК көлік кәсіпорындарының бірінші басшылары алғашқы есепке алуды толық жүргізуді және қауіпсіздікті бұзу жағдайларын дұрыс жіктеуді қамтамасыз етеді.

17. Қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың жіктелуі барлық ҚРК көлік кәсіпорындарының есебінде қолданылады.

18.. Бір мезгілде қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың бірнеше жағдайы болған кезде неғұрлым ауыр зардаптарға әкеп соққан бұзушылық ескеріледі.

19. ҚРК көлік кәсіпорындары трамвай жолдары мен метрополитен жолдарындағы қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылғаны туралы уәкілетті органға және оның аумақтық бөлімшелеріне хабарлайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК